

# Қандай мәселеге сәйкес келеді?



Сабақтың тақырыбы:

12.2А бөлім. «Қазақстанның халықаралық байланыстарын дамыту»

Қаралатын мәселе:

«Қазақстанның ішкі және сыртқы туризмі. Ішкі және сыртқы туризмнің Қазақстанға тигізетін әсері»



# Оқу мақсаттары:



1–ші ОМ:

Қазақстанның бірігу саясатына басқа мемлекеттердің көзқарасын түсінеді;



2 –ші ОМ: Күрделенген сыни бағалауды жүзеге асыру ;



3–ші ОМ: Қазақстанның ауқымды интеграциядан алар ықтимал пайдаларына және соларға қол жеткізуге мүмкіндік беретін әдістерге баға береді;



4 –ші ОМ: Басқа мемлекеттермен ұлттық мүдделер тұрғысынан әлеуметтік және мәдени қатынастарды дамыту үшін қолданылатын түрлі әдіс-тәсілдердің шығындары мен кірістерін талдайды;

# Дағдылар мен жетістік критерийлері:

- 1–ші ОМ:
- Қазақстанның бірігу саясатына басқа мемлекеттердің көзқарасын түсінеді;

## Білу мен түсіну:

- Дұрыс ой тұжырым жасай алады.
- 2–ші ОМ:
- Күрделенген сыни бағалауды жүзеге асыру
- Сыни ойлау және зерттеу:
- Мәтінмен жұмысты тиімді жасай отырып, өзіндік пікірді білдіре алады.
- 3 –ші ОМ:
- Қазақстанның ауқымды интеграциядан алар ықтимал пайдаларына және соларға қол жеткізуге мүмкіндік беретін әдістерге баға береді
- Сыни ойлау және зерттеу:
- Өз бетімен зерттеу жұмысын жүргізеді алады.

## 4 –ші ОМ:

- Басқа мемлекеттермен ұлттық мүдделер тұрғысынан әлеуметтік және мәдени қатынастарды дамыту үшін қолданылатын түрлі әдіс-тәсілдердің шығындары мен кірістерін талдайды;
- Сыни ойлау және зерттеу:
- Басқа мемлекеттермен дипломатия, туризм және әлеуметтік-мәдени қатынастарды дамыту Қазақстан үшін қаншалықты пайдалы болатындығын біледі;

# Бөлімнің басты сұрақтары:

- Қазақстан мен сыртқы әлемнің бірігуіндегі дипломатияның ролі қандай?
- Қазақстан мен сыртқы әлемнің бірігуіндегі туризмнің ролі қандай?
- Қазақстанның сыртқы әлеммен бірігуі барысында басқа мемлекеттермен әлеуметтік-мәдени қатынастардың ролі қандай?
- Қазіргі заманғы байланыс жүйелері дамуы төңірегіндегі басты мәселелер қандай?
- Қазақстанның ішкі және сыртқы әлеммен байланысты реттеу қандай деңгейге дейін қажет?

# Пәндік терминдер:

- дипломатия, мәдениет, туризм
- туристер, дипломаттар, министр, министрлік
- халықаралық әлеуметтік және мәдени қатынастар
- алуан түрлілік, әлеуметтік/мәдени алмасу
- мәдени хабардар болу
- дағдылар, пайдалар, жұмысбастылық, коммуникация, салдарлар, мақсаттар,
- қор, алу, жоғалту, пайда
- қорландыру, артықшылықтар

# Диалогтық тіркестер:

- Дипломатия/туризм/мәдениет) көп қаржыландыруға лайық, себебі...
- ... министрлігі басқалардан қарағанда көбірек (қаражатқа) лайық, себебі...
- **Себептер/пайдалар...**
- ... (нағыз) қажеттілік бар
- **Дипломат** өте жақсы коммуникация дағдыларын қажет ететін жоғары білікті мамандық...
- **Туризмнің** мемлекетке әкелер пайдасын сараптаудың қажеттілігі бар...
- Мемлекеттер арасындағы қатынастарды жақсартудың ең жеңіл жолдарының бірі – **әлеуметтік және мәдени алмасулар...**

# Оқу мақсатына жетуге байланысты практикалық тапсырмалар:

- Көрсетілген оқу мақсаттарына жету үшін жетістік критерийлерімен байланыстыра отырып, ұсынылған аудио-бейнересурстар, статисткалық ресурстарға анализ жасаудың негізінде практикалық тапсырмаларды орындау



**Қазіргі әлемдегі Қазақстан пәні бойынша қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар және жетістік критерийлері**

**Оқушының аты-жөні** \_\_\_\_\_ **күні** \_\_\_\_\_ **Класс** \_\_\_\_\_

**Пән:** Қазіргі әлемдегі Қазақстан

**Сынып:** 12

**Тарау:** 12.2А бөлім: Қазақстанның халықаралық байланыстарын дамыту

**Тақырып:** Қазақстан және оның шет елдермен қарым-қатынасын дамытудың дипломатиялық әдістері

**Оқу мақсаты:**

**ОМ 1**

Қазақстанның бірігу саясатына басқа мемлекеттердің көзқарасын түсінеді

**ОМ 2**

Күрделенген сыни бағалауды жүзеге асыру

**ОМ 3**

Қазақстанның ауқымды интеграциядан алар ықтимал пайдаларына және соларға қол жеткізуге мүмкіндік беретін әдістерге баға береді

Оқу мақсаты	Жетістік критерийлері	Жетті	Талпынады	Қорытынды	
				Жетті	Талпынады
ОМ 1	Дұрыс ой тұжырым жасай алады.				
ОМ 2	Мәтінмен жұмысты тиімді жасай отырып, өзіндік пікірді білдіре алады.				
ОМ 3	Өз бетімен зерттеу жұмысын жүргізеді алады.				


Кедендік одақ

ТМД

ЕврАзЭО

ҰҚШҰ

ШЫҒ



Интеграционные проекты Казахстана  
через призму общественного мнения  
(по результатам социологического исследования,  
сентябрь 2012 г.)

Черных Н.А.

Қазақстанның қандай халықаралық ұйымдарға қатысатынын білесіз және қайсына қатысқанын қаншалықты қолдайсыз - деген сұрақтар қойылып осындай көрсеткіштерге ие болды.

Неліктен тұрғындар мен мамандар арасында кейбір сұрақтар жайында ұқсастық болды және сонымен бірге алшақтық көрініс берген? (Екі ұйым бойынша өз дәлеліңізді келтіріп, жазыңыз)

Аргументтер: \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

## ОМ 2

Соңғы кезеңде әлем интеграция туралы келісімдердің жаппай қабылдануының куәсі болды. Өзінің экономикалық стратегиясында аймақтық интеграцияның мүмкіндіктерің пайдаланбайтын мемлекеттер жаһандану қауіптеріне қарсы тұра алмайтындығын ескеру қажет. Сондықтан, қазіргі таңда әрбір мемлекет аймақтық интеграция жөніндегі бір немесе бірнеше келісімдердің мүшесі болып табылады. Халықаралық интеграция әлемдік шаруашылықтың жекелеген аймағындағы экономикалық жаһанданудың көрінісі ретінде жаһандық үрдістердегі қайшылықтарды шешу маңызды құралдарының бірі болып, халықаралық бәсекелестікте бірігуші мемлекеттердің жағдайын күшейтуге мүмкіндік береді. Жалпы, аймақтық интеграцияны жүзеге асыру - жаһандану қауіптерін болдырмаудың басты кепілі.

Посткеңестік аймақтағы бірігу үрдістерінің түрлі үлгілері арасында белсенді дамып жатқан ұйымдар қатарына, әрине, Еуразиялық экономикалық қауымдастықты жатқызамыз. Бұл ұйым 2000 жылғы 10 қазанда Астана құрылды.

ЕУРАЗІЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҚ:  
ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ӨЗАРА ӨРЕКЕТТЕСУДІҢ  
ӨЛЕУМЕТТІК МӨСЕЛЕЛЕРІ

1. Интеграциялық үрдістер мемлекеттер үшін қандай себептермен тиімді болмақ?
2. Сыртқы саясатта Қазақстан үшін интеграциялық байланыстар қандай бағыттарда жүруі тиіс деп ойлайсыз. Өз ойыңызды 2 аргумент келтіріп жазыңыз?
3. Қазақстан үшін ЕЭО мүше болу қаншалықты маңызды болатынын 2 аргумент келтіріп жазыңыз?

1. \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

3. \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_



Рис. 4. Причины необходимости участия Казахстана в интеграционных союзах (в %)

Интеграционные проекты Казахстана  
через призму общественного мнения  
(по результатам социологического исследования,  
сентябрь 2012 г.)

Черных И.А.

Жоғары көрсетілген сұрақтың бір себебі бойынша GAP-анализ жұмысын жасаңыз.

Мақсат	Нақты нәтиже	Айырма	Айырма салдары	Себептері	Шешімдері

## ОМ 4

Басқа мемлекеттермен ұлттық мүдделер тұрғысынан әлеуметтік және мәдени қатынастарды дамыту үшін қолданылатын түрлі әдіс-тәсілдердің шығындары мен кірістерін талдайды;

## ЖК 4

Басқа мемлекеттермен дипломатия, туризм және әлеуметтік-мәдени қатынастарды дамыту Қазақстан үшін қаншалықты пайдалы болатындығын біледі;

### Тапсырмаларда қолданылатын тірек терминдер:

- ☉ *Жарнама, қаржыландыру, қызмет көрсету сапасы, құны, инфрақұрылым, туризм түрлерінің көптігі*

**Бейнесюжетті көру.** Тақырыбы: «Қазақстанда туризм тұралап тұр»

<https://www.youtube.com/watch?v=b8BxRfXMNuM>

### 1. Қазақстандағы туризмнің 5 артықшылығы мен 5 кемшілігін атаңыздар

#### Қазақстандағы туризм саласы ерекшеліктері

##### 5 артықшылығы

A.

B.

C.

D.

E.

##### 5 кемшілігі

A.

B.

C.

D.

E.

Егер де толық объективті баға бере алса,  
оқу мақсатына жетеді

Талпынды

Жетті

2. «Туризмді дамыту бағдарламасы» тақырыбындағы бейнесюжетті тамашалау арқылы сараптама жүргізіңіздер. <https://www.youtube.com/watch?v=45qi0wGXU0g>

Туризмге ең көп пайда әкелетін Қазақстандағы ең маңызды 5 туристік орынды атап, олардағы қандай ерекшеліктерді қай бағытта дамытуға болатынына қатысты анализ беріңіздер:

<b>Туризмге ең көп пайда әкелетін Қазақстандағы ең маңызды 5 туристік орын:</b>	<b>Осы туристік орындардың маңызды ерекшеліктері:</b>
1. ....	.....
2. ....	.....
3. ....	.....
4. ....	.....
5. ....	.....
<b><u>Бағыттары:</u></b> Сауықтыру туризмі: Спорттық туризм Танымдық туризм Экологиялық туризм	<b><u>Сәйкес орындары:</u></b> _____ _____ _____

<b>Егер де толық объективті сараптама жүргізе алса, оқу мақсатына жетеді</b>	<b>Талпынды</b>	<b>Жетті</b>

## Үй тапсырмасы:

- Қазақстанның халықаралық байланыстарын дамыту» бөлімі бойынша маңызды спецификалық сұрақтарға жауап жазу (конструктивті форматта)



# Проблемалық Сұрақтар тізбесі:

- Егер басқа мемлекет басшысы, бизнес өкілі, азаматы болсаңыз, Қазақстанмен не үшін қарым-қатынас орнатар едіңіз?
- Қазақстамен қатынас орнату Сіз тұратын мемлекет үшін қандай пайда әкелер еді?
- Қай мемлекеттер Қазақстанмен қарым-қатынас орнатуға мүдделі?
- Көптеген мемлекеттер Қазақстанмен қарым-қатынас орнатуға неліктен мүдделі?
- Қазақстан өзімен қарым-қатынас орнатқысы келетін мемлекеттерге қатысты қандай саясат жүргізеді?

- Қандай мемлекеттер Қазақстанмен қатынас жасауды керек деп білсе де, басымдылық деп танымайды?
- Кейбір мемлекеттер Қазақстанмен қатынас жасауды керек деп білсе де, неліктен басымдылық деп танымайды?
- Қазақстан өзімен қарым-қатынас жасауды басымдылық деп таппайтын кейбір мемлекеттерге қатысты қандай саясат жүргізеді?
- Қандай мемлекеттер Қазақстанмен қарым-қатынастарды орнатуға немқұрайлық танытады?

- Кей мемлекеттер Қазақстанмен қарым-қатынастарды орнатуға неліктен немқұрайлық танытады?
- Қазақстан өзімен қарым-қатынастар орнатуға немқұрайлылық танытатын мемлекеттерге қатысты қандай саясат жүргізеді?
- Қазақстанның басқа мемлекеттермен интеграциялануы үшінші мемлекеттер тарапынан қолдауға ие ме?
- Қазақстанның басқа мемлекеттермен интеграциялануы үшінші мемлекеттер тарапынан қолдауға неліктен ие немесе ие емес?
- Қазақстанның интеграциялық мүмкіндіктерін қалайша ұтымды пайдалана аламыз?

- Қазақстанның басқа мемлекеттермен интеграциялануы үшінші мемлекеттердің қарсылығымен кездеседі ме?
- Қазақстанның басқа мемлекеттермен интеграциялануы үшінші мемлекеттердің қарсылығымен егер кездесетін болса, себебі неде деп ойлайсыз?
- Мемлекетіміздің интеграциялануы басқа мемлекеттердің тарапынан қарсылық тудырса, онда ондай жағдайларға қалайша төтеп бере аламыз?

- Қазақстанның сырт әлеммен интеграциясы қандай формада болуы керек?
- Қазақстанға аймақтық және халықаралық интеграция неге керек?
  - Біздің елдің ұстанып отырған көпвекторлы дипломатиямыздың пайдасы мен тәуекелі қандай?
  - Халықаралық дипломатия бізбен тең дәрежеде санасуы үшін қандай басымдықтарымызды қолдануымыз немесе жетілдіруіміз керек?

## » Пайдаланған әдебиеттер

- Оқу жоспары, 12 сынып Қазіргі әлемдегі Қазақстан
- <http://el.kz/m/articles/view/content-15109>
- Қазақстан Республикасының сыртқы саяси қызметінің қалыптасуындағы Президент Н.Ә. Назарбаевтың рөлі; Смағұлов Н.К.;
- Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының негізгі принциптер; Смағұлов Н.К.;
- Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастар жүйесіндегі орны мен ролі; Тілеуғабылова Қ.С.;
- [http://www.kzworld.nis.edu.kz/book/asa\\_g\\_spenser\\_kisi\\_jane\\_memleket/index.html#/17/zoomed](http://www.kzworld.nis.edu.kz/book/asa_g_spenser_kisi_jane_memleket/index.html#/17/zoomed)



# Рефлексия

- Не білдім?
- Не үйрендім?
- Нені білгім келеді?

# Рефлексия

